

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**

Сәкен СЫБАНБАЙ,
журналист

ҚАЛАМЫНАН СӨЗ САУЛАҒАН ЖАН ЕДІ



Жазушы Рахымжан Отарбаевты мен өмірде бір-ақ рет көрдім. Онда да қазақтың танымал бір өнерпазының ұлан асыр тойында. Той болған соң белгілі ғой, қаумалаған кісі көп, аман-сәлемнен арыға бара алмай, ағамен дұрыстап сөйлесіп те үлгермедік. Бірақ, өз басым үнемі оны көптен бергі көнекөз танысымдай көремін, етене сырласымдай сезінемін. Әрине, шығармашылығы арқылы...

Рахаңның қай шығармасын бірінші оқығаным қазір есімде жоқ, бірақ, оның бірден өзіне баурап алғанын білемін. Өйткені, ол кісінің қай дүниесін де бастап оқыған замат бас көтере алмай қаласыз. Неге?

Ең әуелі, қазақ тілінің бар шұрайы мен шырайын артық ағызып-тамызбай да, кем қып қақтап-қаңсытпай да, орын-орнымен, жөн-жөнімен мүлтіксіз қолданады. Сөздік қорының, тіл байлығының көл-көсірлігі, сюжет сыпаттаудағы, образ жасаудағы көркемдік шеберлігі таңдай қақтыратыны сонша, Рахаң шығармасын оқығаннан кейін кейбір басқа кітаптарға көңілің шаппай, қоңылтақси бересіз. Өзгелер жадағай шолып, жалаң баяндаумен шектелетін тұстарды, асығыс айтып, жай сөзбен судыратып өте шығатын көріністерді ол басқаша кестелейді, қазақы нақышпен әдіптеп, сөзбен сурет салады. Ол кісінің жазуында пойыз күншығысқа бет түзмейді, «...қайыстай созылып күнге маңдай төсейді» («Атырау – Алматы пойызы»), күн батып бара жатпайды, «батысқа еңбектей жығылады» («Жасырынбақ»), ауыл теңіз жағасына қоныс теппейді, «теңіз тамағына төніп отырады» («Біздің ауылдың амазонкалары»), үйге кіріп келген кісі жай «малдас құра» салмайды, «екі бұтын құшақтастырып отыра кетеді» («Американың ұлттық байлығы»).

Яғни, Рахымжан Отарбаев әбден көз үйреніп, қалам қалыптасып кеткен бейнелеу әдістерінен, сіңісті суреттеулерден, дағдылы

сөз тіркестерінен әдейі қашады. Таптаурын тәсілдерден үнемі іргесін аулақ салады. Тың теңеу, соны сипат іздейді. Мұның бәрі – сөз өнерінің киесін ұққан, кепиетін бойына сіңірген, сол кие алдындағы жауапкершілікті «бұлжытпай орындауға тиіс қасиетті борышым» деп санаған көркем әдебиеттің адал құлына ғана тән ұмтылыстар. Соқталы тілдік құнардан гөрі сыпырта баяндап шығуға әуестік жеңіп бара жатқан кейінгі кезеңде Рахымжан аға өзін «табиғаттағы ақ қарға» сезініп қалған да секілді. Кей сұхбаттарындағы тұжырған ойларынан осыны аңғарғандай болдым. Бірақ кейінгі бір әңгімесінде: «Лайланған су тұнбай қалған кезде, лай судың астында асыл жатыр ма, ақық жатыр ма – білмей жүргенде, «менімен бірге орыстың айшықты тілі өледі» деген Иван Буниннің сөзі есіме түсетін еді. «Әй, осы біз қазақтың қасиетті де мәнерлі сөзінен айрылып қалдық-ау, жазу кетті-ау» деуші едім. Құдайға шүкір, талантты жігіттер өсіп келеді...» – депті. Өз басым сонау Әуезов қаламынан басталып, Әбіш пен оның замандастары шыңдай түсіп, шырқау биікке көтерген, қара сөзбен картина салудың хас шебері Рахаңдар жалғап әкеткен көркем тілді қазақ әдебиетінің жалауын Дәурен Қуат бастаған бүгінгі буын жазушылар тік ұстайды деп сенемін.

Сосын Р.Отарбаевтың қай туындысының түбірінде де ұлттың бір уайымы, қоғамның көкейін тескен бір мәселесі тұрады. Жазушы

оқырманына сан алуан ой салып, толғандырып отырады. Кей тұстарда кітаптың бетін қайыра бүктеп, басыңызды көтеріп, әлдебір белгісіз нүктеге қадала қарап, терең ойға батып кеткеніңізді байқамай да қаласыз. Рахаң шығармасын оқығаннан кейін дүниетанымыңызда әлдеқандай өзгеріс болып, өмір, тіршілік түйткілдері жайында бас қатырып, тіпті жаныңыз тазарып, санаңыз сілкініп сала береді.

Ал жазушының қай шығармасында да айрықша айшықты мәнерде көрініс табатын сатиралық элементтер оқыған жанды әрі көзінен жас аққанша күлдіреді, әрі көкірегін қаздай шулатып ашындырады. Мысалы, «Актриса» атты әңгіме. Қысқаша мазмұны мынадай: қазақ драма театрына министрліктен тапсырма келеді. «Гогольдің «Үйленуін» қоясыңдар. Ең басты рөлді орындаған, яки, күйеу таңдап отырған қызды ойнаған актрисаны «Құрмет» орденіне ұсынасыңдар» дейді. Содан дайындық басталып кетеді. Театрдың директоры басты рөлді сол жерде талай жылдан бері жұмыс істейтін дос актрисасына бергісі келеді. Бірақ, оның жасы елуден асып кеткен. Режиссердің де өз «дос актрисасы» бар. Рөлге талас қызады. Рөлге талас — орденге талас. Біреуі шыдай алмай ішіп кетеді. Біреу инфаркт алып, ауруханаға түседі. Тоқ етерін айтқанда, бұл — «Өмір дегеніміз — театр» ғана емес, «театр дегеніміз — өмір» екенін де көрсете білген туынды. «Соңғы спектакль» де, «Болған оқиға» да, «Аяқталмаған хикая» да солай. Алдымен рахаттана күліп аласыз. Сосын күрсінесіз.

Рахымжан аға драматургия жанрында да көп дүние жазды. Театрға жиі барып жүріп, ақырын қызығушылығы оянып, «пьеса жазсам қалай болады?» деген ойға келген екен. «Алғашқы жазған төрт-бес пьесам көңіліме қонбады, — депті өзі бір сұхбатында. — Бақсам, пьеса жазудың өзіндік қиындығы жетіп жатыр екен. Бұл — ең күрделі, ең мінезді жанр. Сахнадағы кейіпкерлерің өз өмірін сүріп жатады. Оның қайғысы, оның қуанышы, оның шиеленіс-конфликтісі, арасындағы интрига, оқиғаның өсуі, дамуы, шарықтау шегі және тиянақталып аяқталуы, осының

бәрін өлшеммен алмаса болмайды. Сахнада тұрып алып 3-5 минут уағыз айтып, оқиға қуалап кетсең, онда көрерменді ұстай алмайсың. Сондықтан жазып отырған кезде өзің белгілі дәрежеде жартылай режиссер, актер, көрермен болып отыруың шарт. Ең бастысы, әр әрекеттің — қайғының да, қуаныштың да, шиеленістің де, өмірдің де, өлімнің де — әрқайсының дәлелі болуы керек. Онсыз көрермен сенбейді. Мінезді жанр дейтінім де сол».

Жиырмаға жуық пьеса жазған Рахаңның «Бас», «Жәңгір хан», «Сырым батыр», «Бейбарыс сұлтан» пьесалары сахналанып жүр. Жолы болмай жүрген туындысы — «Абай-сот». Қырғыздар сахналапты, ал біздің театрлар әзірге қоя алмай жатыр. Өйткені, бұл Абай — біз білетін, біз көріп жүрген, біздің санамызға сіңген Абай емес, басқа Абай. Пьеса басталғанда Алматыдағы ескеркіш-Абай... тұрып-тұрып, кенет тұғырдан түседі де, қаланы аралап кетеді. Әкімге кіреді, неше түрлі сұрақтар қояды, парламент сайлауына түсіп жатқан кандидаттармен сөйлеседі. Елге беріп жатқан, орындалмайтын, құлаш-құлаш жалған уәделерін естиді. Базарға барып, бала-шағасын балабақшаға тастап, сауда жасап отырған бүгінгінің Ділдәсі мен Әйгерімін көреді. Өзінен кейінгі жұртының халіне қарап, Абайдың көңілі қалады. «150 жылдан кейін келіп едім, бірақ орталарыңа бір Абай сыймады» деп өкінішін айтып келіп, «Қай ғасырдың белесінде жүрсең де, қайран елім, қазағым деген дауысымды естіп жүрерсің» деп қайтадан ескерткіш болып кетеді.

«Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматовтың өзі «интеллектуалды қазақ прозасының ХХІ ғасырдағы озық өкілі» деп бағалаған Рахымжан Отарбаевтың дүниеден өткеніне де бір жыл болыпты. Өмірінің кейінгі кезеңінде әдебиеттегі әділ бәсекенің қарқын алуына атсалысып, қаламдастарына қамқорлық жасауға ден қойып, біраз игі шаралардың басы-қасында жүріп еді. 2017 жылы өзі бастамашы болып, «Рахымжан Отарбаевтың мәдениет қоры» ұйымдастырған еркін тақырыптағы әңгімелер байқауына мен де қатысып, ағаның жүлдесіне ие болғаным бар-ды. Өкінішке қарай, өзімді Рахаңмен байланыстыратын жалғыз жіп осы ғана екенін ойлағанда, өзегімді өкініш өртейді. Кітаптарымен сырласқаннан басқа лаж жоқ...



Атырау қаласының құрметті азаматы атағын алған сәті